

«Армантай» бөбекжай бақшасы
Ортаңғы топ

Ана тілім – мәңгі құламайтын бәйтерек



Тәрбиеші: Жумахметова С.У.

20:53

« Ана тілім мәңгі құламайтын бәйтерек»

Балалар көңілді әуенмен залға кіреді.

Жүргізуші:

Құрметті қонақтар армысыздар!

Бәріңізде есен-аман бармысыздар!

Жақсылық біз тілейміз жалпыңызға

Қуанышқа жиылған халқымызға!

Туған тілім тірлігімнің айғағы

Тілім барда айтылар сыр ойдағы.

Өссе тілім менде бірге өсемін

Өшсе тілім менде бірге өшемін - демекші тіл әр халықтың
ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан қасиетті құралы. Оны әр
уақытта аялап, шұбарламай кейінге жеткізу біздің борышымыз.

Елбасы Н.Назарбаевтың 1998 жылдың

20-қаңтарындағы жарлығына сәйкес 22-қыркүйек

«Қазақстан халықтарының тілдері» күні ретінде аталып келеді.

Сіздерді «Ана тілім мәңгі құламайтын бәйтерек» атты
ертеңгілігімізді көріп тамашалауға шақырамыз.

Тақпақтар:

Мерей:

Қазақстан халқының

Қазақ тілі тірегі

Ана тілде айтылар

Ән-ұраны жүрегі.

Гимн орындалады.

Аянат:

Сәлем бердім саған елім

Тал бесігім туған жерім

Сәлем бердім баршаңызға

«Қазақ тілі» дегендердің.

Балнұр:

Тәуелсіз Қазақстанның

Бал тілді бүлдіршінімін.

Мерекесін тілімнің

Тойлаушының бірімін.

Аяна:

Ана тілді білмеуің
Өзіңді-өзің сөккендей.
Тілді бұзып сөйлеуің
Ананың арын төккендей

Олег:

Ана тілім-тірегім
Ана тілім-жүрегім.

Нарина:

Ана тілің арың бұл
Ұятың боп тұр бетте
Өзге тілдің бәрін біл
Өз тіліңді құрметте.

Риана:

Сүйесің өз тіліңді
Боласың білімді.
Өз тілің үйретер
Ардақта тіліңді.

Регина:

Ана тілім-анам
Аппақ қардай арым.

Енді балаларымыздың орындауында ән:

Зеңгір көктен, нұрын төккен
Ортақ біздің күніміз.
Жайнап өскен, жайдары өскен
Біз өмірдің гүліміз.

Ал, енді балаларымыз «Ата-аналар» туралы мақал-мәтелдер
айтып береді:

Мерей:

Ананың сүті бал
Баланаң тілі бал
Күннің шуағы жылы
Ананың құшағы жылы

Аянат:

Ата-ананың тілегі
Адам болып өскенің.
Адамдықтың тірегі
Адал болып өскенің.

Виолета:

Ата көрген оқ жонар
Шеше көрген тон пішер

Балнұр:

Ата-асқар тау
Ана- бауырындағы бұлақ
Бала-жағасындағы құрақ

Мақсат:

Жеті атасын білмеген-жетімдіктің салдары
Жеті атасын білмеген-жетесіз

Вова:

Қыз өссе-елдің көркі
Гүл өссе-жердің көркі

Богдан:

Баланы жастан
Әйелді бастан

Регина:

Балапан ұяда не көрсе
Ұшқанда соны алады

Нарина:

Екі жақсы қосылса
Өлгенінше дос болады.
Екі жаман қосылса
Өлгенінше сөз болады.

Севинч:

А деген ол - аналар ғой ардақты
Ә деген ол – әкелер ғой салмақты
Б деген ол – балалар ғой әдемі
Біздің елде үшеуі де кәделі.

Ал, енді балалар мен сендерге ертегі оқып берейін.

«Жақсылық пен жамандық» ертегісін балалар сахыналайды.
Балаларымыз «Отан, тіл, достық» туралы мақал-мәтел айтып береді.

Вова:

Досы жоқ адам

Тамыры жоқ терекпен тең.

Олег:

Аққуды атпа

Досыңды сатпа

Регина:

Туған жер алтын бесік

Аяна:

Отансыз адам

Ормансыз бұл-бұл

Міне, балалар сендер ата-ана, отан, достық туралы көптеген мақал-мәтел біледі екенсіңдер, сендерге үлкен рахмет.

Енді жайғасып отырып Аянат деген қызымыздың биін тамашалайық:

Бүгінгі күн ерекше бір ғажайып

Көңіл қойғын тынышталып ағайын

Сымбаттылық сұлулықты қатар қосқан

Қошеметтеп бүлдіршінді қарсы алайық.

Балалар мен сендерге өте риза болдым, сендерге сұрақтар қойғым келіп тұр, жауап бере аласыңдар ма?

Олай болса тыңдайық:

1. Отандарың қалай аталады?
2. Қазақстан Республикасының президенті кім?
3. Мемлекетіміздің рәміздерін ата.
4. Қазақстанның астанасы қай қала?
5. Мемлекеттік тіл.
6. Сендер қандай мерекені тойлап жатырсыңдар?